

СИНОФОБИЯ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КӨРІНІСІ

Ерлан
ЖҰРЫНБАЕВ*

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің докторанты,
1 курс, Алматы қ., Қазақстан, erlan.msk@mail.ru

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-655
ӨОЖ 32:316
ҒТАХТК 11.01.62

Аңдатпа. Адамзат тарихи дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқанына қарамастан, архаизм белгісі ретінде белгілі болған әртүрлі ұлттық фобиялардың қазіргі кезге дейін бар екендігін айта кеткеніміз жөн. Осыған байланысты әлемдік саясатта кездесетін тенденциялардың бірі ретінде белгілі синофобия мәселесіне тоқталғымыз келеді. Белгілі бір ұлт алдындағы үрей немесе оны негативті бағалау мәселесі тарихта көп екендігін білеміз, алайда қазіргі саяси ғылымда маңыздылығы артып тұрған фобиялардың ішінде синофобия біздің саяси ғылым үшін өзекті деп айтуға толықтай негіз бар. Әлемде әлі күнге дейін бәсеңдемеген COVID-19 пандемиясы, осы синофобтық тенденциялардың күшеюіне бірден бір себеп болды. Әрине синофобия бұрыннан бері келе жатқан үрдістердің бірі екені белгілі. Осы мақалада біздер синофобияның туындауы, оның ерекшелігі мен тарихи эволюциясына қатысты талдау жасауға ұмтылды. Сонымен қоса синофобияның даму тенденциясы мен ұлттық қауіпсіздік мәселесіне әсеріне тоқталғымыз келеді.

Түйін сөздер: синофобия, Қытай, Орталық Азия, ұлтшылдық, ұлт стереотипі, ұлттық қауіпсіздік.

JEL кодтар: H83, D70

Abstract. Despite the fact that the history of mankind has entered a new stage of development, it should be noted the existence of various national phobias, known as a symbol of archaism. I would like to focus on the problem of sinophobia, which can be noted as one of the trends that have taken place in modern world politics. We know that there are many issues of pre-confessional or negative assessment of a particular nation in history, but among the phobias that are becoming increasingly relevant in modern political science, there is every reason to believe that sinophobia is relevant for our political science. We can say that the coronavirus pandemic, which is still not slowing down in the world, has become one of the reasons for the strengthening of these sinophobic tendencies. Of course, sinophobia is known to be one of the long-standing trends. In this article we will try to analyze the emergence of sinophobia, its specifics and historical evolution. I would also like to focus on the trend in the development of sinophobia and its impact on the problem of national security.

Keywords: sinophobia, China, Central Asia, nationalism, nation stereotype, national security.

JEL codes: H83, D70

Аннотация. Несмотря на то, что история человечества вступила в новый этап развития, следует отметить существование различных национальных фобий, известных как символ архаизма. Хотелось бы остановиться на проблеме синофобии, которую можно отметить как одну из тенденций, имевших место в современной мировой политике. Мы знаем, что в истории много вопросов предконфессиональной или негативной оценки той или иной нации, однако среди фобий, которые приобретают все большую актуальность в современной политической науке, есть все основания полагать, что синофобия актуальна для нашей политической науки. Можно сказать, что пандемия коронавируса, которая до сих пор не замедляется в мире, стала одной из причин усиления этих синофобских тенденций. Конечно, синофобия, как известно, является одной из давних тенденций. В данной статье мы постараемся проанализировать возникновение синофобии, ее специфику и историческую эволюцию. Также хотелось бы остановиться на тенденции развития синофобии и влиянии на проблему национальной безопасности.

Ключевые слова: синофобия, Китай, Центральная Азия, национализм, стереотип нации, национальная безопасность.

JEL коды: H83, D70

Кіріспе

Дәстүрлі консерватизм мен реализмге қатысты либералды идеялардың салтанатын көрсеткен «қырғи қабақ» соғыстың аяқталу үрдісі халықаралық қатынастардағы жаңа

дәуірді бастауы керек еді. Бірақ соңғы оқиғалар көрсеткендей, әлемдегі ұлтшылдық тенденциялардың өсуі күшейе түсіп, америкалық ғалым Сэмюэль Хантингтон болжағандай, адамзат өркениеттің жаһандық қарсыласу дәуіріне

*Хат-хабарларға арналған автор: Е. Жұрынбаев, erlan.msk@mail.ru

енген секілді. Тарих белгілі бір этникалық және діни топтарға қатысты жағымсыздықтың көптеген мысалдарын біледі. Ерте ғасырларда католик шіркеуі Еуропада антисемитизмнің өсуіне себепкер болғандығы, испандық реконкиста кезеңінде маврлар мен морискілердің Периней түбегіндегі исламофобияның құрбаны болғандығы мәлім. Бірақ белгілі бір этникалық топқа қатысты жеккөрушілік пен қорқыныштың ең жарқын мысалы неміс фашизмі деп айта аламыз. Сонда біз тек еврейлер мен сығандар ғана емес, сонымен бірге славян халықтары мен одақтас Орталық Азия ұлттары да нәсілдік теорияның құрбаны болғанын білеміз. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террористік шабуылдар және халықаралық терроризм қаупі әлемде исламофобия толқынын тудырды. Терроризм мен ислам арасында теңдік белгісі қойылды. Сол кезеңнің әйгілі «әрбір мұсылман террорист емес, бірақ әрбір террорист мұсылман» деген тұжырымдардың шығуының куәгерлері болдық. Бүгінгі таңда әлемде белгілі бір этникалық топтарға немесе діни қауымдастықтарға қатысты жағымсыз әрекеттердің саны өсуде. Мысалы, бүгін біз батыс елдерінде русофобия көрінісіне куә бола аламыз. Пандемия кезеңінде көпшілік қытайлықтарды барлық қиындықтардың себепкері деп санап, кінәлауға бейім болғандығын білеміз. Көбінесе белгілі бір этникалық немесе діни топтарға қатысты фобиялар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатыны мәлім. Цифрландыру және ақпараттандыру дәуірі әлемдегі ксенофобиялық үрдістерді күшейте түскені анық.

Орталық Азия аймағы ежелден әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан аймағы болып саналады. Түркі және парсы халықтары дәстүрлі мұсылман мәдениетімен қатар христиан және еврей мәдениетімен үйлесімді өмір сүреді. Аймақ этникалық және діни азшылықтарға қатысты діни төзімділік пен толеранттылықтың ерекше атмосферасымен танымал екендігін білеміз. Синофобияның посткеңестік кеңістіктегі елдерде өзіндік ерекше тарихы бар деп толықтай айта алмаймыз. 2019 жылы Қазақстандағы қытайлықтарға қарсы манифестациялары Орталық Азия

аумағындағы белгілі бір этникалық топтарға қатысты фобияның ең ауқымды көрінісі болды.

Аталған зерттеудің мақсаты Посткеңестік Орта Азия елдерінде синофобияның қалыптасуы мен дамуы мәселелерін зерттеу және жалпы әлемдік үрдіспен параллельдерді жүргізу болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістері

«Тарихи жад саясатын құру үрдісі саяси жүйенің маңызды ерекшеліктерінің бірі - әлеуметтік ортаның сипатына тәуелділікпен тікелей байланысты», - деп пайымдайды атақты зерттеуші Г. Алмонд. Тарихи жад деп айтуымыздағы маңызды мәселе бұл синофобияның қазіргі таңда өріс алуы қазақ халқының тарихи естеліктерімен тікелей байланысты. Зерттеудің басында қозғағанымыздай, синофобия бізде тікелей тарихи үдерістерге қатысты болып келеді.

Жалпы зерттеу методикасын саяси ғылымдағы саяси реализм мектебі парадигмасы тұрғысынан қарастыру дұрыс деп есептейміз. Себебі фобиялардың пайда болуы тек қана мәдени фактор емес сонымен бірге сыртқы фактордың, ұлы ойындардың, ұлттық мүдде мәселесімен тығыз байланысты. Сол себепті зерттеудің ғылыми негізін саяси реализм мектебінің парадигмалары тұрғысынан қарастырамыз. Саяси реализмді таңдауымыздағы тағы бір маңызды фактор ретінде ұлтаралық қақтығыс, өркениеттік теке-тірес деген ұғымдар бір-бірімен тығыз байланыста.

Белгілі бір ұлт өкілдеріне қатысты фобиялардың тарихы терең, алайда біз қозғап отырған мәселе ақпараттық кезеңнің туындысы деп айтуға толықтай негіз бар. Сол себепті мәселені зерделеуде қазіргі отандық саяси ғылымда қарқынды дамып келе жатқан зертеу әдістерінің бірі ретінде әлеуметтік желіні зерделеу, ақпараттық талдау әдісін қолдануды жөн деп санаймыз.

Сонымен қоса, мәселенің тарихын зерттеу барысында дерекнамалық талдау мен жалпы талдау әдістері кеңінен қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Белгілі бір этникалық топқа және

діни қауымдастыққа қатысты теріс пікір білдіру мәселесін саясаттану, әлеуметтік философия, конфликтология, халықаралық қатынастар және тарих тұрғысынан қарастыруға болады. Орталық Азиядағы соның ішінде Қазақстандағы синофобиялық үдерістерді зерттеу отандық ғылымнан бөлек қытайлық, батыстық, ресейлік және түркиялық авторлардың зерттеу нысанына айналғандығын білеміз. Солардың ішінде ресейлік автор Титаренко Андрейдың зерттеулері Қазақстандағы синофобияның тарихынан бастап осы күнгі жағдайына кеңінен тоқталған. Автордың пікірінше, қазақстандық синофобияның негізінде тұрмыстық деңгейдегі қытайлықтар алдындағы үрей негізгі себеп болғандығына қарамастан, саяси элита арасындағы күрестің маңызды факторы екендігін атап өткен (Титаренко, 2020). Осындай көзқарасты келесі ресейлік автор ұстанады, оның пікірінше Қытайдың экономикалық экспансиясының артуы заңды үдеріс, алайда қазіргі билік оппоненттері аталмыш жағдайды өз саяси дивиденттері үшін тиімді пайдаланады, сол себепті Қазақстандағы Н.Ә.Назарбаев пен Қ.К.Тоқаев элитасына «ұлттық мүддені қорлаушы», «қытайға сатушы» деген айыптауларды тағу орын алғандығын айтады (Грозин, 2020).

Келесі автор зерттеуінде ірі, орта және шағын қытай бизнесінің даму ерекшеліктері, сондай-ақ оның жергілікті еңбек нарықтары мен жергілікті бизнеске әсері зерделенген. Бұдан басқа, екіжақты білім беру көші-қонының, Қытайдан Қазақстанға тұрақты тұруға көші-қонның серпіні мен перспективаларын зерделеп, елдегі антиқытайлық тенденциялардың миграциялық негіздеріне тоқталған (Садовская, 2016).

Француз авторы Себастьян Пейруз Орталық Азия елдеріндегі антиқытайлық пиғылдардың тарихи эволюциясын зерделей келе қытайдың экономикалық саясатымен қоса мәдени саясаты да қарқынды дамып келе жатқандығын көрсетеді, соның арқасында Қазақстанда синофилдердің (қытайды жақтаушылар) сандарының артқандығын айтады. Алайда синофобияның бәсеңдемегіндігін айта отырып, синофилия бірдей қарқынмен дамып келе жатқандығын

байқауға болады деген пікірде (Peyrouse, 2016).

Сорос қорының қаржыландыруымен өткізілген зерттеулер барысында елдегі антиқытайлық пиғылдардың бәсеңдеуінің орын алуы және негізгі фактор ретінде Қытайдың қазақстандық аймақта жұмсақ саясат ұстауының артқаны аңғарылады (Сыроежкин и др., 2018).

Синофобияның қалыптасу тарихы

Қытай мен Қазақстан арасындағы қазіргі заманғы әріптестік өзара тиімді қарым-қатынастар саяси теория мен әлемдік саясатта көршінің бейнесін теріс қабылдау мәселесімен байланысты бірқатар теріс үрдістердің көлеңкесінде қалып отыр. Кейбір зерттеушілер мұны Шығыс Түркістан аумағындағы ұлттық және діни азшылықтардың қарым-қатынасында ресми Бейжің жүргізіп отырған саясатқа қатысты аймақ елдерінің мұсылман қауымдастығының өзіндік жауабы деп санайды. Қытайға қатысты теріс өсу тенденциялары 2014-2016 жылдардан бастап жаңа серпіліс алғанын мойындау керек. Естеріңізге сала кетейік, дәл осы кезеңнен бастап Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында (ШҰАА) мұсылмандарға қысым күшейе түсті. Қазіргі Қазақстандағы синофобия дегеніміз не? Қоғамдағы Қытайға қарсы көңіл-күйдің қарқынды өсуі немен байланысты? Оның артында кім тұр және кімге пайдалы?

Бүгінгі таңда қытайлықтарға қатысты негативтілікке байланысты көптеген мәселелер кейбір геосаяси орталықтар жиі пайдаланатын әлемдік коронавирустық пандемиямен байланысты деген пікірлер бар.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың қарқынды өсуіне және ҚХР-ның Қазақстанның экономикалық дамуындағы рөліне қарамастан, қоғамдағы Қытайға қарсы көңіл-күйдің күшті болуы, көбінесе ақпараттық агенттіктер, әлеуметтік желілер және танымал сайттар арқылы жүзеге асырылуда. Қытай мен қытайлықтарға қатысты мифтер көбеюде және ол адамдардың санасына әсер ету формасына айналады десек те болады. Мұндай мифтердің қалыптасуында ҚХР-мен шекаралас аймақтарда тұратын

тұрғындар немесе бұрын Аспан асты елінде тұратын этникалық топтардың өкілдері ерекше рөл атқаратындығы бізге мәлім. Қазақстандық тұрғыдан бұл этникалық қазақтар, дүнген және ұйғыр ұлтының өкілдері.

Синофобияның пайда болу тарихы, көптеген ғалымдардың пікірінше, патшалық Ресейдің аймақты отаршылдық жаулап алу кезеңінен басталады. Орталық Азия халықтары мен Қытай мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастың көпғасырлық тарихы бар екеніне қарамастан, бұл үрдісте отаршылдық оппозицияның күшеюі маңызды рөл атқарды деп айтуға болады. Исмаил Якуб бек мемлекетінің жойылуы және аймақтағы Цин империясының күшінің нығаюы аймақтағы көптеген тарихи және этносаяси үрдістердің катализаторына айналды. Атап айтқанда, көптеген ғасырлар ішінде алғаш рет қытай билігі үшін қолайсыз халықтардың Орталық Азия аймағына қоныс аударуы басталды. Бұл, ең алдымен, ұйғырлар мен дүнгендер болатын. Олар Цин империясына қарсы көтеріліске шыққан халықтардың негізін құрағандығын білеміз, сол себепті Патша үкіметі оларды өз бақылауындағы аумақтарға қоныс аудару және өмір сүру құқығын берді. Патша әкімшілігі ұйғыр мен дүнгенді аймақтағы қытайлық агрессияны болдырмау үшін буферлік аймақ ретінде пайдалануға шешім қабылдады. 19 ғасырдың 60-70 жылдары патша халықаралық аренада елеулі мәселелерге тап болғанын атап өткен жөн. Соған байланысты, Қырым соғысында жеңілгеннен кейін түрік агенттігі аймақтағы мұсылмандарды анти-орыстық көзқарастарға тартуды күшейтті, сонымен қатар аймақтағы Британдық экспансия күшейе түсті, осы кезеңде Ресей империясы үшін аймақты бақылауда ұстау өте маңызды болды. Бұл үшін адал халықтардың санын көбейту және буферлік аймақтар құру қажет болды.

Сонымен қоса, кейбір зерттеушілердің пікірінше, синофобия тарихы одан да терең, яғни сонау жоңғар-қазақ соғыстары кезінде белең алған. Сол кезден бастап «шығыстағы ұлы көрші алдындағы» үрейдің артуы байқалған делінеді (Степушева, 2019).

Өңірге ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы орыстардың Шығыс Түркістандағы мұсылман халқын Цин императорының билігінен қорғау туралы белсенді насихатымен қатар жүргізілді. Осылайша, орыс отаршылдық әкімшілігі мұсылман қауымдастықтарының қолдауына жүгінуге және христиан экспансиясының бейнесінен арылуға тырысқандығы байқалады. Шығыс Түркістаннан қоныс аударған мұсылмандар мұсылман көтерілістерін басу кезінде қытайлардың қатыгездіктері туралы ақпарат таратып, мұсылмандар арасында қытайлардың теріс бейнесін қалыптастырды, ал екінші бағыт ретінде орыстар қытайлардың кеңеюін тоқтата алатын күш ретінде қалыптасты. Кеңес үкіметі билігі кезінде шекаралас аймақтарда этникалық қазақтар арасынан алғашқы қоныс аударушылар пайда болып, олар КСРО аумағына оралу мүмкіндігін пайдаланды. Өз кезегінде олар 20-30 жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін кезеңінде елден кетуге мәжбүр болғандығын білеміз.

Синофобияның әлемдік тәжірибесі тарихи оқиғаларға да бай екендігін айта кеткен жөн, Батыс халықтары үшін қытайлар оларға қауіп төндіретін саны көп нәсілге айналды. Бірақ Еуропадағы қытайлардың аз болуына байланысты синофобтық тенденцияның үлкен қарқыны болмады. Батыс халықтары негізінде біз Америка халықтарын қарастырғымыз келеді.

Бірақ бұл жартышардағы азиялықтарға қарсылық тенденциясы XIX ғасырдың ортасында басталды. Сол кезеңде АҚШ пен өзге Латын Америка елдеріне қытайлар келе бастаған болатын. Жаңа қоныс аударушылардың географиялық таралуы, жүйелілігі, табандылығы мен шыдамдылығы азиялықтарға қарсы теріс қозқарастардың таралуына себеп болды. Азиялықтардың ішінде қытайлар иммигранттардың ең алғашқы, ең үлкен және кең таралған тобы болуына байланысты, олардың қонысы Американың кез-келген штатында және өзге Батыс елдері колониясында сезілді. «Қытайлықтарға қатысты осындай айыптаулардың басым бөлігінің контекстін: «арзан жұмыс күші», «жергілікті тұрғындардан жұмыс орындарын алып қоюшы немесе жергілікті

жалақыны төмендетуші»; «жергілікті бәсекелестікті жоюшы»; «ұлттық мәдениетті бұзатын моральдық азғындық»; қытайлық ер адамдар жергілікті әйелдермен жақындасып «ұлттық генофондқа нұқсан келтіруші» және өзге де айыптаулар құрады (*Hu-DeHart, 2010*).

Осылайша, синофобия қытайлардың жаңа әлемге белсенді көшіп келу кезеңінде пайда болды деп айтуға болады және бұл жерде ең алдымен қытайлықтардың төмен жалақы үшін жұмыс істеу тәжірибесі аясында жұмыспен қызметтің «арзандауы» мәселелерімен байланысты болды, ал Орталық Азиядағы синофобия көбінесе Қытайдағы аз ұлттардың «құлдық» халі мен сол халықтардың қытайлықтармен қарым-қатынасы мәселелерімен байланысты болды деп айтуға толықтай негіз бар.

Дискуссия

Синофобияның туындауына байланысты отандық ғылымдағы пікірлерге тоқталатын болсақ, олардың басым көпшілігі синофобияның таралуындағы тарихи фактілерді негіз деп санайды, ал кейбір пікірлер бойынша синофобияның туындауында сыртқы факторларды ескеруді жөн көреді. Отандық саясаттанушы Данияр Ашимбаевтың пікірінше өткен ғасырдың 50-60 жж. Кеңестік саясат негізінде қалыптасқан синофобияның қазіргі таңда қайта жаңғыруына бірнеше факторлар әсер етуде, соның ішінде тәуелсіздік жылдарындағы қытай капиталының Қазақстан нарығына кеңінен енуі, мысалға Ақтөбе мұнай газ компаниясын сатып алу сияқты факторлар, сонымен қоса шет елдік фактор негізінде американдық мемлекеттік департамент тарапынан қаржыландырылатын ұлттық патриоттық күштердің ықпалы деген пікірді айтқан болатын (*Смайыл, 2019*).

Синофобияның туындауындағы шетелдік фактордың маңызды екендігін түсінеміз, алайда оны бірден бір фактор деп қабылдауға болмайды. Синофобияның күрделі құбылыс екендігін түсіне отырып бір жақты қабылдауға болмайды. Сол себепті синофобияның өрбуінде ішкі факторлады қарастыру жөн деп есептейміз. Қазақстандағы

синофобияның көрінісі жалпыәлемдік үрдіспен ұқсас екендігін айта кеткен жөн. Отандық саяси ғылымдағы синофобияға қатысты пікірлердің біржақты деп айтуға болмайды. Алайда авторладың басым бөлігі синофобтық үрдістерді ішкі факторлармен байланыстыру басымды болып келеді.

Отандық танымал дипломат, Қазақстанның Қытайдағы бұрынғы елшісі Мұрат Әуезовтің пікірінше Қытайдың біздің еліміз үшін қауіпі зор, соның дәлелі ретінде қытай капиталының күшеюімен қоса, қытай жұмысшыларының санының артуы және мемлекеттік шекараны делимитациялау барысында Қазақстанның даулы территорияларының басым көпшілігі аспан асты еліне кетуінен байқауға болады деп атап өтеді (*Асаұтай, 2019*).

Қытай мен көрші елдер арасындағы шекаралық мәселелердің көп екендігі, сонымен бірге ресми Бейжіңнің көршілер саны бойынша Ресейден кейінгі екінші орында екендігін білеміз, Әлемдік саясаттағы синофобияның күшеюінің бір де бір факторы ретінде осы территориялық даулардың өршуі екендігін айта кеткеніміз жөн. Қытай шешілмеген территориялық мәселелер бойынша әлемдегі көшбасшы болып табылады деуге толықтай негіз бар. Сол себепті осы фактордыда қарастыра кеткеніміз жөн. Осындай көзқарастардың отандық саяси сегментте өткен ғасырдың 90-жж жылдары мен жаңа ғасыр басында өзекті болғандығы мәлім.

Ал саясаткер Ермұхаммет Ертісбаевтың қытайлықтардың біздің жерлерімізді тартып алады деген пікірі ұшқары айтылған. Ол қытайлықтар үшін территориядан көрі біздің энергоресурстарымыз маңызды, сол себепті қытайдың экономикасының өсу қарқынын пайдалана білуіміз керек деген пікірде. Сонымен қоса, еліміздегі синофобиялық үрдістердің өсуі үлкен қауіп екендігін айтады (*Константинов, 2019*).

Синофобияға қатысты алуан пікірлердің бар екендігін көз жеткізе отырып, Қазақстанда тек ғана бір жақты пікірді басым деуге негіз жоқ. Отандық саяси элита мен ғылыми ортада синофобияның негізсіз, немесе архаика екендігін айтып жүріп, саяси шынайлықты

қабылдауды немесе констуктивті позицияны ұстану қажет деген пікірді қолдаушыларда бар.

Президент Тоқаевтың пікірінше елдегі антиқытайлық манифесттердің ешқандай негізі жоқ, басым көпшілігі айтып отырған Қазақстан жерін қытайлықтардың тартып алуы немесе сатып алу қауіпі жоқ. Сонымен қоса, осындай пиғылдардың артуында геосаяат жатқандығын атап өткен болатын (*Скибан, 2019*).

Геосаяси фактор, немесе «Ұлы державалар ойыны» синофобияның саяси трендке айналуы соңғы кезде орын алғандығын айтуымыз керек. Қытайдың ішкі тұрақтылығының негізі ретінде қабылданған коммунистік идеологияға қайшы болып келетін кез келген альтернативаға қарсы екендігін белгілі. Қытайда тек ғана ислам мен буддистік ламаизмге ғана емес сонымен қоса ішкі дәстүрлі философиялық ағымдарға қысым көрсетіп жатқандығы бізге мәлім.

Қытай экспансиясына қарсы тұру идеясын қолдаушылар қытайға қарсы бірде бір күш ретінде исламшыл мен пантураншыл бағытты дұрыс деп санайды, алайда бұныңда кейбір негативті жақтары бар екендігін ескеруіміз керек. Кеңес одағы ыдыраған жылдары үлкен белес алған «мұсылмандық альтернатива» идеясы қазіргі кезде де маңызды фактор болып саналады. Алайда географиялық алшақтық пен ислам әлеміндегі орын алып жатқан геосаяси үрдістер өзіндік тежеуші фактор болып қала берді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мұнай факторы елімізде «екінші Сауд Арабиясы» немесе «ортаазиялық әмірліктер» идеяларының жандануына себеп болғандығын білеміз (*Разумов, 2020*). Алайда мұсылман бірлестігі немесе ынтымақтастығы идеясы елімізде әртүрлі діни топтардың күшеюіне алып келді, бұл үрдіс те біздің ұлттық қауіпсіздігімізге әсер етті. Оның салдарын біздер 2010-2011 жж. және соңғы қаңтар оқиғаларынан байқаймыз.

Жалпы қытайға қарсы пікірлердің артуында тек бір жақты ойда болып қалу орынсыз, ғылыми объективтілік үшін жалпы қытайлықтардың біздің елімізге қатысты пікірлері де антиқытайлық пиғылдардың күшеюіне әсер еткендігін атап өткеніміз жөн. Мысалға қытай тарапы

біржақты шешім қабылдап қазақстандықтар үшін визалық талаптарды күшейткені, сонымен қоса бірнеше қытайлық ақпарат құралдырының Қазақстанға қатысты территориялық мәселерді жариялағандығын білеміз. Егерде Қытайдағы интернет ресурстардың мемлекеттің қатаң бақылауында екендігін ескерсек, бұл жарияланымдардың артында ресми қытай үкіметі тұрғандығы белгілі болады. Ресми Бейжің орын алған келеңсіз жағдай үшін кешірім сұрамағандығы белгілі, тіпті кейбір қытайлық дипломаттардың Қазақстандық зерттеушілерге қатысты дөрекі сөздері орын алғандығын білеміз (*Михайлов, 2016*).

«Синофобияның кең өріс алуы ішінара коммерциялық бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында орын алады деп айтуға болады, олар көрермендер мен оқырмандардың жоғары рейтингтеріне ие болу мақсатында қытайдың ықпалын асыра көрсетуге және Қытаймен ынтымақтастықтың жағымсыз жақтарына назар аударатын қызықты мәселелерді қолдануға бейім» (*Kulintsev, et. al, 2020*) деп пайымдайды келесі авторлар. Осы тақырыпты әрі қарай дамыта келе, келесі авторлар қазақстандық БАҚ-тар арасында қазақ тілді басылымдардың синофобтық көзқарасты қоздыратыны туралы пікір айтады. Олардың пайымдауынша, қытайға қарсы пікірледі қалыптастыруда «Жас Алаш» секілді басылымдар негізгі антиқытайлық ақпарат таратушы болып табылады (*Burkhanov, Chen, 2016*). Орталық Азиядағы синофобияның артуында сыртқы фактор ретінде батыс елдері рөлі жайында көптеген ақпарат таралуда, солардың қатарында ғалымдармен қоса батыс қаржылары негізінде пайда болған түрлі үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық белсенділер маңызды функция атқаратындығы белгілі (*Эркинбаев, 2020*).

Сонымен ғылыми саладағы дискурстарды қорытындылай келе, синофобияға қатысты әртүрлі көзқарастарды брынша қарастыруға тырыстық. Дискурстар негізге тоқтала кетсек синофобияның күрделі процесс сонымен қоса әлемдік үрдістердің Қазақстандағы орын алғандығына көз жеткізуге болады.

Қорытынды

Зерттеуді аяқтай келе, төмендегідей қорытындыларға тоқталсақ. Біріншіден, синофобия құбылыс ретінде тарихы терең үдеріс. Оның бастауының төңірегінде бірнеше даулы пікірлер бар, соның ішінде кейбір тарихшылардың пікірінше синофобия XV-XVIII ғғ. пайда болған десе, кейбіреулері синофобия бізге ресейлік отарлау кезінде кеңінен тарала бастады деген пікірді айтады. Кейбір әлеуметтік желілерде, әсіресе исламшылдық немесе түрікшілдік контекстегі авторлардың айтуынша, Атлах шайқасы Орталық Азия халықтарының таңдауын көрсетті, тарихи тұрғыдан антиқытайлық бастаманы сол кезден есептеуіміз керек. Жалпы айтар болсақ, синфобия ғасырлар бойы қалыптасқан стереотиптердің дамуы мен оның қорытындысы деуге болады.

Келесі мәселе синфобияның советтік кезеңдегі орнын, тікелей екі держава арасындағы геосаяси текетірестің белгісі ретінде қарастыруға болады. Жоғарыда айтылғандай советтік пропаганда шекаралық аймақта орналасқан халықтар арасында, әсіресе қазақтар арасында қытайлықтарға қатысты негативті ақпараттың таралуы мен теріс көзқарастардың қалыптасуына тікелей себепкер болды.

Синофобияның дамуының үшінші кезеңі ҚСРО-ның ыдырауы мен Қазақстанның тәуелсіздік алуынан басталады. Бұл кезеңде синофобтық тенденциялар аса байқалмады, себебі Қытайдың экономикалық және саяси экспансиясының қарқыны төмен болатын. Қытайға деген көзқарас негізінен «сапасыз өнімдерді шығарушы», «брендтерді ұрлаушы» деген сауда төңірегіндегі стереотиптермен байланысты болды.

Синофобтық тенденциялар негізінен Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық белсенділігінің артуымен қайта жанданды. «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы қытайлық капиталдың және арзан жұмыс күшінің факторы еліміздегі антиқытайлық элементтердің жандануына алып келді. Аталмыш мәселе жалпы әлемдегі синофобтық тенденциямен тұспа-тұс келгендігін байқауға болады. Осы кезде БАҚ беттерінде қытайдың негативті образы кеңінен тарала бастады. Зерттеу

барысында қозғағанымыздай, бұл мәселеде ұлтшылдармен қоса түрікшілдер, исламшылдар және батысшыл либералдардың белсендігі байқалады. Кейбір саяси элита өкілдері мен оппозициялық саясаткерлер өз мақсатында синофобтық тенденцияларды пайдаланғандығы белгілі. Антиқытайлық тенденция негізінен үкіметке жала жабу мақсатында кең белес алды. Әлемдік масштабта синофобия коронавирус пандемиясы мен ШҰАА мұсылмандарға қатысты саясатты «геноцид» мәртебесіне жеткізу тенденциясы орын алғандығы белгілі. Осы кезеңде Қазақстанда антиқытайлық демонстрациялар мен әртүрлі қытай диссиденттері мәселесі орын алғандығы мәлім.

Соңғы тенденциялардың бірі ретінде синофобияның алдын алу мақсатында Қытай билігінің «жұмсақ күш» саясатының өз нәтижесін беруін айтуымыз қажет. Қазіргі кезеңде қытайлық оқу орындары, сонымен бірге түрлі тіл курстары, қытай асханасы, қытай медицинасы деген брендтер орын алды. Бизнес өкілдері арасында қытайлықтарға қатысты «фобиялар» мен «стереотиптердің» бәсеңдегені байқалады. Ғылыми ортада да Қытайға қатысты «асыра сілтеу», негативті көзқарастарға қарсы жаңа конструктивті бағыттар мен ғалымдардың пайда болғандығын айта кеткеніміз жөн. Жалпы қорытындылай келе, адамзат тарихы жаңа ақпараттық кезеңге бой алғандығына қарамастан, санамыздағы трансформация үдерісі толық аяқталмағанын байқауымызға болады. Қытай көрші, әлеуеті мықты мемлекет, қазіргі халықаралық қатынастардағы маңызды фактор, ең бастысы Қазақстанның маңызды стратегиялық әріптесі. Қытайдың экономикалық мұқтаждығы әсіресе логистика саласында Бейжің үшін Қазақстанның маңыздылығын арттыра түседі. Қытайға қатысты фобия екі ел арасындағы қатынастарға кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қоса, Қытайдың геосаяси қарсыластарының «үлкен ойын» құрбанына айналып кету қаупі бар деп айта аламыз. Белгілі бір ұлтқа қатысты фобиялардың артуының соңы фашизмге әкелу қаупі бар. Антиорыстық фобиялардың артуы мен ұлы державалар

арасындағы текетірістің құрбаны болған Украина жағдайы бізге мәлім. Сол себепті синофобтық тенденцияларды қадағалау қажеттілігі өзекті мәселе деп айта аламыз.

Қазіргі кезеңде Қытай төңірегіндегі мифтерді әлем халықтарының жаппай санасында қабылдау біртіндеп өзгеруде.

Қытайды ресурстық мүмкіндіктердің шексіз, геосаяси әлеуеті бар ел ретінде қабылдау, нәтижесінде негативті имиджін қалыптастырып "қауіп" немесе "ата жау" ретінде құруға байланысты күмән, қорқыныштан бас тарту қажет деп ойламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Burkhanov, A., & Chen, Y.-W. (2016). Kazakh perspective on China, the Chinese, and Chinese migration. *Ethnic and Racial Studies*, 39(12), 2129–2148. <https://doi.org/10.1080/01419870.2016.1139155>
- Hu-DeHart, E. (2010). Chapter Three. Indispensable Enemy Or Convenient Scapegoat? A Critical Examination Of Sinophobia In Latin America And The Caribbean, 1870s To 1930s. *The Chinese in Latin America and the Caribbean*, 65-102. <https://doi.org/10.1163/ej.9789004182134.i-242.26>
- Kulintsev, Y. V., Mukambaev, A. A., Rakhimov, K. K., & Zuenko, I. Y. (2020). Sinophobia in the post-soviet space. *Russia in Global Affairs*, 18(3), 128–151. <https://doi.org/10.31278/1810-6374-2020-18-3-128-151>
- Peyrouse, S. (2016). Discussing China: Sinophilia and Sinophobia in Central Asia. *Journal of Eurasian Studies*, 7(1), 14–23. <https://doi.org/10.1016/j.euras.2015.10.003>
- Асаутай, М. (2019). Мурат Ауэзов: «Мы должны быть очень осторожны в отношениях с Китаем». *Радио Азаттық*. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-murat-aezov-protests-chinese-investment-projects/30148427.html>
- Грозин, А. В. (2020). Причины обострения антикитайских настроений в Казахстане и Кыргызстане и направления противодействия антикитайским кампаниям. *Россия и Китай: история и перспективы сотрудничества: Материалы X международной научно-практической конференции*, Благовещенск-Хэйхэ. Благовещенск-Хэйхэ: Благовещенский государственный педагогический университет, с. 827-835. DOI 10.48344/BSPU.2020.37.62.123.
- Константинов, А. (2019). Ермухамет Ертисбаев: В основе антикитайских митингов лежит невежество. *InformBuro*. <https://informburo.kz/interview/ermuhamet-ertysbaev-v-osnove-antikitayskih-mitingov-lezhit-nevezhestvo.html>
- Михайлов, Г. (2016). Это очень грубо, это унижение»: Китай и Средняя Азия. *Regnum*. <https://regnum.ru/news/polit/2115193.html>
- Разумов, Я. (2020). Почему в Казахстане резко усилились антикитайские настроения. *Профиль*. <https://profile.ru/abroad/pochemu-vkazaxstane-rezko-usililis-antikitajskie-nastroeniya-210024>
- Садовская, Е.Ю. (2016). Многомерное присутствие Китая в Казахстане через призму миграции. *Исследовательский отчет. МИРПАЛ, Региональная программа по миграции Всемирного банка, МОМ, ООН-Женщины и DFID*. Алматы - Москва: 128 с.
- Скибан, О. (2019). Токаев призвал не вестись на провокации по захвату казахстанской земли. *Zakon.kz*. <https://www.zakon.kz/4984634-tokaev-prizval-ne-vestis-na-provokatsii.html>
- Смайыл, М., (2019). Откуда в Казахстане антикитайские настроения. Мнения политологов. *Tengrinews*. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/otkuda-kazahstane-antikitajskie-nastroeniya-mneniya-378284/
- Степушева, Л. (2019). В Казахстане растут антикитайские настроения. *Pravda.ru*. <https://www.pravda.ru/world/1404971-china>
- Сыроежкин, К., Изимов, Р., Какильбаев, Д., Мураталиева, З., Косназаров, Д., Нурушева Д. (2018). *В нежных объятиях дракона? «Мягкая сила» Китая в Казахстане*. Алматы, 84 с.
- Титаренко, А. (2020). Антикитайские настроения в Казахстане: бытовая синофобия, интересы элит, внешнее влияние. *Россия и новые государства Евразии*, № IV (XLIX), 103-115. <https://doi.org/10.20542/2073-4786-2020-4-103-115>
- Эркинбаев, Д. (2020). Как не стать жертвой «антикитайского синдрома», или чему учит убийство Сулеймани. *KNEWS*. <https://knews.kg/2020/01/12/kak-ne-statzhertvoj-antikitajskogo-sindroma-ili-chemu-uchit-ubijstvo-sulejmani/>

REFERENCES

- Burkhanov, A., & Chen, Y.-W. (2016). Kazakh perspective on China, the Chinese, and Chinese migration. *Ethnic and Racial Studies*, 39(12), 2129–2148. <https://doi.org/10.1080/01419870.2016.1139155>

- Hu-DeHart, E. (2010). Chapter Three. Indispensable Enemy Or Convenient Scapegoat? A Critical Examination Of Sinophobia In Latin America And The Caribbean, 1870s To 1930s. *The Chinese in Latin America and the Caribbean*, 65-102. <https://doi.org/10.1163/ej.9789004182134.i-242.26>
- Kulintsev, Y. V., Mukambaev, A. A., Rakhimov, K. K., & Zuenko, I. Y. (2020). Sinophobia in the post-soviet space. *Russia in Global Affairs*, 18(3), 128–151. <https://doi.org/10.31278/1810-6374-2020-18-3-128-151>
- Peyrouse, S. (2016). Discussing China: Sinophilia and Sinophobia in Central Asia. *Journal of Eurasian Studies*, 7(1), 14–23. <https://doi.org/10.1016/j.euras.2015.10.003>
- Asautaj, M. (2019). Murat Auejevov: «My dolzhny byt' ochen' ostorozhny v otnoshenijah s Kitaem». *Radio Azattyk*. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-murat-auejevov-protests-chinese-investment-projects/30148427.html>. (In Russian)
- Grozin, A. V. (2020). Prichiny obostreniya antikitskikh nastroyenij v Kazahstane i Kyrgyzstane i napravleniya protivodejstviya antikitskim kampanijam. *Rossija i Kitaj: istorija i perspektivy sotrudnichestva: Materialy X mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii*, Blagoveshhensk-Hjejhje. Blagoveshhensk-Hjejhje: Blagoveshhenskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet, c. 827-835. DOI 10.48344/BSPU.2020.37.62.123. (In Russian)
- Konstantinov, A. (2019). Ermuhamet Ertysbaev: V osnove antikitskikh mitingov lezhit nevezhestvo. *InformBuro*. <https://informburo.kz/interview/ermuhamet-ertysbaev-v-osnove-antikitskikh-mitingov-lezhit-nevezhestvo.html>. (In Russian)
- Mihajlov, G. (2016). Jeto ochen' grubo, jeto unizhenie»: Kitaj i Srednjaja Azija. *Regnum*. <https://regnum.ru/news/polit/2115193.html>. (In Russian)
- Razumov, Ja. (2020). Pochemu v Kazahstane rezko usililis' antikitskie nastroyeniya. *Profil*. <https://profile.ru/abroad/pochemu-vkazaxstane-rezko-usililis-antikitskie-nastroyeniya-210024>. (In Russian)
- Sadovskaja, E.Ju. (2016). *Mnogomernoe prisutstvie Kitaja v Kazahstane cherez prizmu migracii. Issledovatel'skij otchet. MIRPAL, Regional'naja programma po migracii Vsemirnogo banka, MOM, OON-Zhenshhiny i DFID. Almaty - Moskva: 128 s.* (In Russian)
- Skiban, O. (2019). Tokaev prizval ne vestis' na provokacii po zahvatu kazahstanskoj zemli. *Zakon.kz*. <https://www.zakon.kz/4984634-tokaev-prizval-ne-vestis-na-provokatsii.html>. (In Russian)
- Smajyl, M., (2019). Otkuda v Kazahstane antikitskie nastroyeniya. Mneniya politologov. *Tengrinews*. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/otkuda-kazahstane-antikitskie-nastroyeniya-mneniya-378284/. (In Russian)
- Stepusheva, L. (2019). V Kazahstane rastut antikitskie nastroyeniya. *Pravda.ru*. <https://www.pravda.ru/world/1404971-china>. (In Russian)
- Syroezhkin, K., Izimov, R., Kakil'baev, D., Muratalieva, Z., Kosnazarov, D., Nurusheva D. (2018). *V neznyh ob#jatjah drakona? «Mjagkaja sila» Kitaja v Kazahstane*. Almaty, 84 s. (In Russian)
- Titarenko, A. (2020). Antikitskie nastroyeniya v Kazahstane: bytovaja sinofobija, interesy jelit, vneshnee vlijanie. *Rossija i novye gosudarstva Evrazii*, № IV (HLIX), 103-115. <https://doi.org/10.20542/2073-4786-2020-4-103-115>. (In Russian)
- Jerkinbaev, D. (2020). Kak ne stat' zhertvoj «antikitskogo sindroma», ili chemu učit ubijstvo Sulejmani. *KNEWS*. <https://knews.kg/2020/01/12/kak-ne-stat-zhertvoj-antikitskogo-sindroma-ili-chemu-uchit-ubijstvo-sulejmani/>. (In Russian)

SINOPHOBIA: THE HISTORY OF ITS FORMATION AND MANIFESTATION

Erlan JURYNBAYEV, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, erlan.msk@mail.ru

СИНОФОБИЯ: ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И ПРОЯВЛЕНИЯ

Ерлан ДЖУРЫНБАЕВ, докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, 1 курс, г. Алматы, Казахстан, erlan.msk@mail.ru